

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№5 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

19 желтоқсан 2024 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2024 жыл 19 желтоқсан, сағат— 16:00

Қатысқандар — ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату (*Баяндамашы: Факультет декандары*);

2. 2024-2025 оқу жылына бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссия төрағаларын Сенат мәжілісіне бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы — Л.Ибрагимова*);

3. 2024-2025 оқу жылында ЖББП Реестріне тіркелген кадр даярлаудың педагогикалық бағыттарындағы бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау (*Баяндамашы: Факультет декандары*);

4. Әртүрлі мәселелер

4.1. 2024-2025 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білім алушыларға ұсынылатын дипломдық жоба жетекшілерін бекіту туралы (*Баяндамашы: Факультет декандары*);

4.2. Университет басқару және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы ережесіне өзгеріс енгізу туралы (*Баяндамашы: Кадр бөлімінің басшысы — Ж.Сыздыкова*);

4.3. Университеттің ОПҚ-на арналған біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламаларын бекіту (*Баяндамашы: Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері — А.Бегманов*);

4.4. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Баяндамашылар: Факультет төрағалары*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 Факультет деңгейінде сабақ кестесі бойынша сабаққа қатысу жұмыстарына мониторинг жүргізілсін (*жауапты: Факультет декандары*,

Факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағалары).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. 2024-2025 оқу жылына бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссия төрағалары тізім бойынша Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын (жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. 2024-2025 оқу жылында ЖББП Реестріне тіркелген кадр даярлаудың педагогикалық бағыттарындағы бағдарламаларының іске асырылуы туралы мәліметтер назарға алынсын;

3.2. Барлық пәндердің оқу әдістемелік кешендерінің, силлабустарының, кәсіптік практика бағдарламаларының ББ оқыту нәтижелеріне сәйкестігі тексерілсін және түпнұсқаларымен қоса Google дискке электронды нұсқасымен жүктелсін (жауапты: Факультет декандары, ОӘК төрағалары, Факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағалары).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1 2024-2025 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білім алушылардың дипломдық жоба жетекшілері тізіммен бекітілсін (Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.2 Университет басқару және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы ережесіне өзгерістер енгізілсін (жауапты: Кадр бөлімінің басшысы – Ж.Сыздыкова);

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.3. Университеттің ОПҚ-на арналған төмендегі біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламалары бекітілсін: (жауапты: Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджері – А.Бегманов)

1. «АІ көмегімен оқу процесін оңтайландыру», құрастырушылар PhD, аға оқытушы А.Н. Аманов пен оқытушы А.Б. Абен;
2. «Ең алдымен – адамдар: мемлекеттік қызмет көрсетудің практикалық құралдары», PhD оқытушы А.А. Куралбаев.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.4.1. Төмендегі көрсетілген оқу және оқу-әдістемелік құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

4.4.1.1. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Журналистика» кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. Б.К. Сердәлінің дайындаған «Жаңалықтар журналистикасы» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);


4.4.1.2. Медицина факультеті, «Фундаментальды ғылымдар» кафедрасының доценті, х.ғ.к. А.К. Мамырбекованың «Ғылыми зерттеулерге кіріспе» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

4.4.2. Төмендегі көрсетілген оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын:

4.4.2.1. Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Г.Г. Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка I» атты оқу-әдістемелік құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

4.4.2.2. Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Г.Г. Еркибаеваның «Методика преподавания русского языка II» атты оқу-әдістемелік құралы (автордың өз қаражаты есебінен).

Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы



И.Б. Усембаева